

## "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2024 жылғы 13 қыркүйектегі № 157 бұйрығы.

"Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі № 721 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрық қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ресми жариялау және оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына электрондық нысанда қазақ және орыс тілдерінде жіберуді;
  - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;
  - 3) осы бұйрықтан туындастырылған өзге де шараларды қабылдасын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Туризм және спорт вице-министрінде жүктелсін.
4. Осы бұйрық оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Министр

E. Мырзабосынов

Қазақстан Республикасы  
Туризм және спорт министрлігінің

2024 жылғы 13 қыркүйектегі

№ 157 бұйрығымен

бекітілген

## "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесі

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан

Республикасы Туризм және спорт министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі салаларында басшылықты жүзеге асыратын Министрліктің ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрлөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан тұседі.

5. Егер оған сәйкес уәкілеттік берілсе, Комитеттің мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы ретінде қатынасуына құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет тәрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, № 8 үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 15-кіреберіс.

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға тұсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2-тарау. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары:

- 1) ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша үйлестіруді қамтамасыз ету, ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі саласындағы реттеу, іске асыру, бақылау

функцияларын орындау, сондай-ақ ведомство құзыреті шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысу.

14. Комитеттің құқықтары:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 2) өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан Комитет құзыретіне кіретін мәселелерді шешуге қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратады және алады;
- 3) Комитет реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 4) жетекшілік ететін қызмет бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдар (жұмыс топтарын, комиссиялар, кеңестер) құру жөнінде ұсыныс енгізеді;
- 5) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге де іс-шаралар өткізеді;
- 6) өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартады;
- 7) қоғамдық мониторинг жүргізетін коммерциялық емес ұйымдарға заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті ақпарат беруге қатысады;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен, сондай-ақ олармен келісім бойынша тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен актілері негізінде басқа мемлекеттік органдармен, коммерциялық емес және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес сот органдарына талап қояды ;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттемелерді жүзеге асырады.

Комитеттің міндеттері:

- 1) Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді;
- 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметті тұтынушылардың мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы хабардарлығын қамтамасыз етеді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сактау;
- 5) Комитетке бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де қупияны құрайтын ақпаратты жария етпейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдайды және қарайды;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

### 15. Комитеттің функциялары:

1) Комитет реттейтін салаларда нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді, келісімдерді, меморандумдарды және шарттарды өзірлеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану тәжірибесін жинақтау және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде петицияны қарауға қатысу;

3) өтініш берушілер көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;

4) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша ведомстволық статистикалық байқаулардың нысанын өзірлеу;

5) ойын бизнесін ұйымдастырушының "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысанын өзірлеу;

6) ойын бизнесін ұйымдастырушының есептілікті ұсыну нысанын, ойын бизнесін ұйымдастырушы ұсынатын есептілікті жинауды және талдауды жүзеге асыру қағидаларын өзірлеу;

7) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын өзірлеу;

8) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындастырып заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді өзірлеу;

9) лотерея операторын айқындау қағидаларын өзірлеу;

10) лотереяларды өткізу қағидаларын өзірлеу;

11) Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысуз құқығына лицензиясы жоқ интернет-казино, шетелдік букмекерлік кеңселер және (немесе) тотализаторлар белгілерінің болуы түрғысынан интернет-ресурстардың мазмұнның жүйелі түрде жинауды және талдауды жүзеге асыру қағидаларын өзірлеу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай есепке алу жүйесінде қамтылған ақпаратты есепке алудың және берудің бірыңғай жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын өзірлеу;

13) бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау қағидаларын және оған қойылатын біліктілік талаптарын өзірлеу;

- 13-1) цифрлық трансформациялауды жүргізу;
- 14) құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысадың қауіптері мен зияны туралы ескертудің мәтінін, эскиздерін әзірлеу;
- 15) ойын мекемесінің, букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың жұмысының, мөлшерлемелер мен өткізілетін құмар ойындарды қабылдаудың және (немесе) бәс тігудің үлгілік қағидаларын әзірлеу;
- 16) құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуы шектелген тұлғалар тізіміне енгізуге өтініш беру, сондай-ақ тізімді жүргізу қағидаларын әзірлеу;
- 17) казиноларды, ойын автоматтары залдарын, букмекерлік кеңселер мен тотализаторларды (букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың кассаларын) орналастыру үшін аумақтардың шекараларын айқындау жөніндегі жергілікті атқарушы органдар шешімдерінің жобаларын қарау және оларды келісу бойынша Министрлікке тиісті ұсыныстар енгізу;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет реттейтін салаларда нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүзеге асыру;
- 19) Қазақстан Республикасының ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамаларының сақталуын мемлекеттік бақылауды жоспардан тыс тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асыру;
- 20) ойын бизнесін ұйымдастырушылардың, лотерея операторының Қазақстан Республикасының ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамаларының, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қары іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүргізу;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;
- 22) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестелерін әзірлеу;
- 23) ойын бизнесін ұйымдастырушы ұсынатын есептілікті жинауды және талдауды жүзеге асыру, оның қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде ұсынымдар жолдау;
- 24) лотерея өткізу шарттарын келісу не келісуден бас тарту, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 25) Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиясы жоқ шетелдік букмекерлік кеңселердің және (немесе) тотализаторлардың ойын бизнесі саласында интернет-казино белгілерінің, сондай-ақ

заңсыз жарнаманың болуы тұрғысынан интернет-ресурстардың мазмұнын жүйелі түрде жинауды және талдауды жүзеге асыру;

26) Қазақстан Республикасының аумағында қызметі заңсыз болып табылатын шетелдік ойын бизнесін ұйымдастырушылардың тізбесін жүргізу және оны Министрліктің интернет-ресурсында орналастыру;

27) тотализаторлар мен букмекерлік кеңселер кассалардың тізілімін жүргізу;

28) Комитет реттейтін салалардағы мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүзеге асыру;

28-1) ойын бизнесі, лотереялар және лотерея қызметі салаларындағы көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылды жүзеге асыру;

29) "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиялауды жүзеге асыру;

30) ойын бизнесі саласындағы лицензиаттардың электрондық тізілімін жүргізу;

31) құмар ойындарға және бәс тігуге қатысуы шектелген тұлғалардың тізімін жүргізу;

32) ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу және төлемақы мөлшерлемелерінің дұрыс қолданылуына бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ алымның толықтығы, бюджетке төлемдердің уақтылы төленуі және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік кіріс органдарына ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығына жауап беру;

33) салық төлеушілердің орналасқан жері бойынша салық органдарына қызметпен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы төлеушілер және бюджетке салықтар мен төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын үекілетті орган белгілеген нысан бойынша ойын бизнесі саласындағы салық салу обьектілері туралы мәліметтерді беру;

34) Комитет реттейтін салаларда халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

35) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Туризм және спорт министрінің 30.07.2025 № 148 бұйрығымен.**

**З-тарау. Комитет төрағасының қызметін ұйымдастыру кезіндегі мәртебесі мен өкілеттігі**

16. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын Комитет Төрағасы жүзеге асырады.

17. Комитет Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Комитет Төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және босатылатын орынбасары болады.

19. Комитет Төрағасының уәкілеттілігі:

1) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

3) өз құзыретінің мәселелері бойынша бұйрықтар шығарады;

4) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Комитет атынан өкілдік етеді;

5) орындаушылық және еңбек тәртібін сақтауды бақылайды;

6) мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу үшін конкурстық құжаттарды, техникалық ерекшеліктерді бекітеді, Министрліктің мемлекеттік сатып алу жоспарларын келіседі, мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға, азаматтық-құқықтық мәмілелер туралы шарттарға қол қояды, берілген (көрсетілген) қызметтер, тауарлар жұмысы актілерін бекітеді;

7) еңбек қатынастары мәселелері жоғары түрған мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың құзыретіне жататын қызметкерлерді қоспағанда, Комитеттің қызметкерлерін лауазымға тағайындейды және лауазымнан босатады;

8) Комитет қызметкерлерін іссапарға жіберу, оларға еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, көтермелегу, үстемакы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

8-1) Министрліктің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын тағайындейды;

8-2) цифрлық трансформациялауды жүргізуді ұйымдастырады және дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етеді;

9) еңбек қатынастары мәселелері жоғары түрған мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың құзыретіне жататын қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

10) Комитеттің жыл сайынғы жұмыс жоспары мен оның қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті әзірлейді және Министрлік басшылығына бекітуге ұсынады;

11) Комитеттің бюджеттік өтінімдерін дайындауды, Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізу үшін Министрге ұсынылатын бюджеттік өтінімдерін Министрліктің аппарат басшысына ұсынуды, сондай-ақ бюджет процесінің өзге де рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

12) Комитеттің қаржыландыру жоспарының әзірленуін қамтамасыз етеді және Министрліктің аппарат басшысына бекітуге енгізеді;

13) Комитет өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

14) оның құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

15) өз құзыреті шегінде Комитетте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапкершілікте болады;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктердің жүзеге асырады.

Комитет төрағасы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

**Ескеरту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Туризм және спорт министрінің 30.07.2025 № 148 бұйрығымен.**

20. Комитет төрағасы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4-тaraу. Комитеттің мүлігі**

21. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлікке иелік етуге құқығы бар.

Комитеттің мүлкі оған иесі өткізген мүлік есебінен, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден құралады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті егер заңнамада өзге тәртіп белгіленбесе, дербес иеліктен айыруға немесе оған басқадай жолмен иелік етуге құқығы жоқ.

#### **5 тарау. Комитеттің қайта құру және тарату**

**Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 30.07.2025 № 148 бұйрығымен.**

24. Комитеттің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Комитеттің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1. "Бірыңғай есепке алу жүйесінің операторы" жауапкершілігі шектеулі серікtestігі.